

ONLY VALID FOR CUSTOMERS CONTRACT JURISDICTION WITHIN

Azerbaijan, Iceland, Kazakhstan, Liechtenstein, Norway, Switzerland, Ukraine, or a member state of the European Union

VALABLE POUR LES CLIENTS CONTRAT COMPÉTENCE DANS

Azerbaïdjan, Islande, Kazakhstan, Liechtenstein, Norvège, Suisse, Ukraine, ou d'un Etat membre de l'Union européenne

VÁLIDO PARA CLIENTES CON CONTRATO DE JURISDICCIÓN EN

Azerbaiyán, Islandia, Kazajstán, Liechtenstein, Noruega, Suiza, Ucrania, o un estado miembro de la Unión Europea

VÁLIDO PARA CLIENTES COM CONTRATO DE JURISDIÇÃO EM

Azerbaijão, Islândia, Cazaquistão, Liechtenstein, Noruega, Suíça, Ucrânia, ou um Estado membro da União Europeia



John Deere - ISG телематикалық жазылымы (JDLINK)

Осы келісім-шарт Тұтынушы мен John Deere - ISG арасында келісілетін John Deere - ISG телематикалық жүйелерін пайдалану кезінде басшылыққа алынады

John Deere - ISG бөлімшесі түрлі телематикалық жүйелерді өзiрлейдi және сатады. Олар телематика аппараттық құралы, бағдарламалық құралы мен қызметтерінен («Жүйелер») тұрады және John Deere - ISG дилері немесе басқа уәкілетті тұлғалар («Дилерлер») арқылы сатылады. Осы Келісім-шарт Тұтынушының John Deere - ISG телематикалық жүйесін пайдалану, соның ішінде John Deere - ISG телематикалық веб-қызметтеріне кіру және оны пайдалану шарттары мен талаптарын қамтиды.

Қызметтерді осы Келісім-шарт бойынша көрсету үшін, Тұтынушы бір (және тек бір) үйлесімді телематикалық шлюзді («Терминал») іске қосуы керек. Бұл Келісім-шартта Тұтынушының Жүйені бір Терминалда іске қосуы және пайдалануы, соның ішінде Жазылым мерзімі (5.1 бөлімінде анықталған) ішінде Веб-функцияларына (1.1 бөлімінде анықталған) кіру және оларды пайдалану кезінде басшылыққа алынатын талаптар белгіленеді. Егер Тұтынушы бірнеше Терминалды іске қосқысы келсе, Тұтынушы әр Терминал үшін бөлек Келісім-шарт жасауы керек.

1. Келісуші тараптар

Бұл Келісім-шарт John Deere GmbH & Co. KG, Strassburger Allee 3, Kaiserslautern (John Deere - ISG) өкілі Intelligence Solution Group (ISG) және Тұтынушы арасында жасалады. John Deere GmbH & Co. KG компаниясы Келісім-шарт бойынша қарым-қатынастарды Тұтынушының келісімін талап етпестен Deere & Company компаниясымен аффилирленген компанияларға өткізіп беруге құқылы. Тұтынушы бұл туралы хабардар етіледі.

2. Келісім нысаны

2.1 Веб-функциялар. Телематикалық қызметтер бір немесе бірнеше сервердегі (әрқайсысы «Сервер» деп аталады) Интернет арқылы алынатын меншікті шешімді («Веб-функциялар») қамтиды. Веб-функциялар Тұтынушыға Жүйенің аппараттық құралынан (2.1 бөлімінде анықталған) алынған Серверлерде сақталатын деректерді көру және басқару үшін Тұтынушының компьютерін пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, телематикалық қызметтер Жүйенің аппараттық құралы мен Серверлер арасында деректерді жинауға, басқаруға, тасымалдауға мүмкіндік беретін қызметтерді қамтитын деректер мен бағдарламалық құралды басқару қызметтерін және машинаны диагностикадан өткізуге, машинаның түрлі бөлшектеріне қашықтан қызмет көрсетуге, бағдарламалық құралды жаңартуға мүмкіндік беретін қызметтерді қамтиды. Қызметке мобильді телефон желісі арқылы машиналар арасындағы байланыс құрылғыларына арналған (M2M байланыс құрылғылары) Германияның телекоммуникациялар жөніндегі актісіне (TKG), Телемедиа жөніндегі (TMG) актісіне және Федералдық деректерді қорғау актісіне (BDSG) сәйкес телекоммуникациялар және/немесе спутниктік байланыс (тұтынушының орналасқан жерде ұсынылса) қызметтерін көрсету кіруі мүмкін. Телематикалық қызметтер John Deere - ISG рұқсат берген бір немесе бірнеше сымсыз телекоммуникациялар провайдері (әрқайсысы, соның ішінде, ұсынылған жағдайда Спутник провайдері, «Негізгі сымсыз байланыс провайдері» деп аталады) арқылы қосылады. Телематикалық қызметтер осы Келісім-шартта берілген қызметтерді ғана қамтиды және осы Келісім-шартқа сәйкес Қызметтерді ұсыну үшін John Deere - ISG пайдаланатын провайдерден басқа қандай да бір Негізгі сымсыз байланыс провайдері ұсынатын қызметтерді тікелей жоққа шығарады. Қызмет Еуропаның басқа елдерінде жергілікті провайдердің роумингтік қызметтері арқылы пайдаланылуы мүмкін. Ауқым мен сигнал деңгейі әр жерде әртүрлі болуы мүмкін және жергілікті провайдердің ауқымы мен сигнал деңгейіне байланысты болады. John Deere - ISG нақты бір қамту аймағына, ауқымға немесе сигнал деңгейіне кепілдік бермейді.

Тұтынушы John Deere - ISG компаниясын Қызметтер арқылы алынған және жиналған деректерді осы Келісім-шарттың ережелеріне, «Деректерді қорғау және деректер қауіпсіздігі жөніндегі ережеге» және орталық жүйелерде келісілген техникалық және ұйымдық шараларға сәйкес жинақтауға және оны Тұтынушыға осы Келісім бойынша қолжетімді етуге нұсқау береді.

2.2 Веб-функцияларды пайдалану. Жазылым мерзімі кезінде Тұтынушы John Deere - ISG басқаратын www.jdlink.com немесе myjohndeere.com («Телематикалық веб-интерфейс») веб-сайтында бар веб-функцияларына қол жеткізіп, оны пайдалана алады. Веб-функцияларды Тұтынушы пайдалануы үшін John Deere - ISG Тұтынушыға пайдаланушы ат(тар)ын және құпия сөз(дер)ін тағайындайды. Тұтынушы қызметкерлердің пайдаланушы ат(тар)ы мен құпия сөз(дер)ді қолдануын және оны (оларды) пайдаланып кіруін басқарады және Тұтынушы пайдаланушы ат(тар)ы мен құпия сөз(дер)ді рұқсатсыз қолдану туралы John Deere - ISG компаниясына дереу хабарлайды. Тұтынушы пайдаланушы аты және/немесе құпия сөзі арқылы үшінші тараптың веб-функцияларға кіруіне немесе оны қолдануына немесе веб-функцияларға кіру рұқсатын өткізуге немесе беруге немесе осы келісім-шартта берілгеннен басқа веб-функцияларды қолдануға рұқсат бермейді (i). Егер Тұтынушы есептік жазбаға кіру рұқсатын үшінші тарапқа беруді қаласа, үшінші тарап өзіне пайдаланушы аты мен құпия сөзін жасағаннан кейін Тұтынушы кіру рұқсатын веб-функциялар арқылы үшінші тарапқа бере алады. Алайда, Тұтынушы жүйеге байланысты осы үшінші тараптың барлық әрекеттеріне толық жауапкершілікті өзіне алады. Веб-функцияларды пайдалану үшін Тұтынушы интернет қызметінің провайдерімен («ISP») келіседі және Тұтынушыда John Deere - ISG жариялаған техникалық сипаттамаларға сай немесе одан асатын немесе ең кіші талаптарына сәйкес келетін компьютер мен интернет байланысы болуы керек. Тұтынушы тек ISP таңдауы мен ISP төлемдеріне, техникалық қызмет көрсетуге және басқа ISP шығындарына жауапты. John Deere - ISG бөлімшесі ISP байланысына немесе Тұтынушы компьютері мен серверлер арасындағы интернет байланыстарына жауапты емес. Тұтынушының ISP провайдерін қолдануы ISP немесе интернет қауы болған жағдайда веб-функцияларға кіру үшін John Deere - ISG бөлімшесінің сақтық көшірмемен қамтамасыз етуіне рұқсат бермейді және John Deere - ISG интернет немесе ISP байланысының бос уақытынан немесе қауынан болған веб-функциялардағы қандай да бір кідіріске немесе

үзіліске жауапты емес. Осы келісім-шартпен қатар, Тұтынушының телематикалық веб-интерфейске кіруі және оны қолдануы веб-функционалға қосылу немесе кіру кезінде John Deere - ISG берген қосымша шарттар мен талаптарды қабылдауына байланысты болады.

2.3 Қызметті іске қосу. Тұтынушының телематикалық жүйелерді белгілі бір терминалда қолдануына рұқсат беру үшін, алдымен, сол терминалға арналған телематикалық қызметтер іске қосылуы керек («іске қосу»). Іске қосу Жазылым мерзімінде қызметтерді пайдаланушы үшін жүйенің аппараттық құралын қосатын кодты John Deere - ISG жариялағаннан кейін пайда болады, бірақ кейбір жағдайларда іске қосу сымсыз желі немесе John Deere - ISG қолдау көрсету веб-сайты (www.stellarsupport.deere.com) арқылы орындалады. Іске қосу Тұтынушының нұсқауы бойынша және оның атынан әрекет ететін дилер тарапынан орындалады. Іске қосу кезінде телематикалық қызметтер іске қосылған Терминалда басталып, Жазылым мерзімінің соңына дейін жалғасады. Жазылым мерзімі аяқталған кезде Тұтынушы John Deere телематикалық қызметтер жазылымы туралы қосымша келісім-шартты сатып алмайынша, осы Келісім-шартты басшылыққа алатын Телематикалық қызметтер тоқтатылады. Осы келісім-шарт автоматты түрде жаңартылмайды. Қызметтер жазылым мерзімін сатып алу, іске қосу немесе жаңарту кезінде немесе жарамдылық мерзімінен кейін Тұтынушыға John Deere - ISG қандай да бір шарттар мен талаптарды, оның ішінде осы келісім-шарттың ең соңғы нұсқасын ұсынса, Тұтынушы сол қосымша жазылым мерзімін жарамды ету үшін сол шарттарды растауы қажет. Сол талаптар мен осы келісім-шарттар талаптары арасында қайшылықтар болған жағдайда қосымша қызметтер жазылым мерзімін сатып алу, іске қосу немесе жаңарту кезінде ұсынылған талаптар басымдылыққа ие болады. Телематикалық қызметтерді жабдықтау бөлшегі ретінде терминалға бірегей мобильді немесе спутниктік байланыс коды тағайындалуы мүмкін. Тұтынушы сол кодта өзінің жеке құқығы жоқ және John Deere - ISG сол кодтарды John Deere - ISG бөлімшесінің жеке шешімімен өзгертіп немесе қайта тағайындай алатындығын растайды.

2.4 Алдын ала төленген SIM картасы. John Deere - ISG Тұтынушыға машина арасындағы телекоммуникациялар қызметін (M2M телекоммуникациялар қызметі) ұсынады. Осы мақсатта жүйенің аппараттық құралы абонент идентификациясы модулінің ауыспалы картасын («SIM картасы») қамтуы мүмкін. SIM картасын машина арасындағы байланысқа және уәкілетті John Deere - ISG дилерінен сатылып алынатын немесе John Deere - ISG машиналарында бұрын орнатылған іске қосылған терминал байланысында деректер тасымалдауға қолдануға болады. Тұтынушы өзінің атынан телекоммуникация қызметтерін немесе M2M қызметтерін үшінші тарапқа ұсынатын құқығы жоқ. **Тұтынушы SIM картасын меншіктей алмайды.** Барлық құқықтар, оның ішінде SIM карталары орнатылған бағдарламалық құралды пайдалану құқығын беру John Deere - ISG тарапында сақталады. Қызмет бұзылған жағдайда John Deere - ISG бөлімшесі SIM карталарын ауыстыруға немесе өзгертуге міндетті. Тұтынушы SIM картасын қызметтерді қолданудан басқа мақсатта пайдаланса, John Deere - ISG SIM картасын ажыратуға және Тұтынушыдан John Deere - ISG тарапына келген қосымша шығындардың өтемақысын алуға құқығы бар. Тұтынушы жүйенің аппараттық құралы жоғалған немесе ұрланған немесе зақымдануына байланысты жарамсыз немесе дұрыс қолданылмаған жағдайда John Deere - ISG бөлімшесіне дереу хабарлауы керек. Тұтынушының John Deere - ISG берген SIM картасын үшінші тарапқа John Deere - ISG келісімінсіз беруге рұқсаты жоқ. Тұтынушы алдын ала орнатылған және/немесе іске қосылған құрылғыны басқа тұлғаға бергісі келуі мүмкін болған жағдайда ол жаңа тұтынушыға John Deere - ISG бөлімшесімен телематикалық қызметтер жөніндегі келісім жасау керектігін хабарлауы керек. Тұтынушы John Deere - ISG бөлімшесінен есептік жазба мен қалған John Deere телематикалық қызметтерін жаңа иеленушіге/тұтынушыға беруін сұрайды. Тұтынушы басқа тұлғаға беру туралы John Deere - ISG бөлімшесіне хабар бермеген жағдайда John Deere - ISG қызметтің дұрыс жұмыс істейтіндігіне және/немесе тұтынушы деректерінің құпиялығы сақталатындығына кепілдік бермейді.

2.5 Қызметті теріс немесе алаяқтық жолмен пайдалану. Қызметті теріс немесе алаяқтық жолмен пайдалану күдігі болса, John Deere - ISG осы келісім-шарт бойынша Тұтынушы қызметтерін шектеу немесе одан бас тартуы мүмкін. Тұтынушы қызметтерді теріс немесе алаяқтық жолмен қолданбайды және қызметтерді теріс немесе алаяқтық жолмен пайдалануға қатыспауға немесе рұқсат бермеуге (а), өзі хабардар қандай да бір теріс немесе алаяқтық жолмен пайдалану туралы дилерге (Тұтынушы дилер болса, John Deere - ISG бөлімшесіне) хабарлауға (b) және John Deere - ISG, John Deere - ISG заңды өкілдері немесе негізгі сымсыз байланыс провайдері тарапынан қозғалған теріс немесе алаяқтық жолмен пайдалануға қатысты тексеріске немесе сот ісіне қатысуға (c) келіседі. Тұтынушы теріс немесе алаяқтық жолмен пайдалану нәтижесінде болған шығындарға, төлемдерге немесе зақымдарға жауапты. Қызметті «теріс немесе алаяқтық жолмен пайдалану» келесіні қамтиды, бірақ осылармен шектелмейді: (I) Басқа John Deere - ISG Тұтынушысы, дилер немесе қандай да бір негізгі сымсыз байланыс провайдері туралы байланыстарға және/немесе аппаратқа кіру, өзгерту немесе араласу немесе осыларды орындау немесе оған әрекеттену үшін басқа адамға немесе мекемеге кіру; (II) Негізгі сымсыз байланыс провайдерінің желісіне рұқсат етілмеген байланыспен қайта реттеу, араласу немесе рұқсат етілмеген байланыс жасау; (III) Ұсынылған қызметтің радиосигналдарын немесе жиіліктерін өзгертетін күшейткіштерді, сигнал генераторларын немесе басқа құрылғыларды орнату немесе жүйенің аппараттық құралын қолданылатын заңды немесе мемлекеттік ережені бұзатын мәнерде пайдалану; (IV) Бір немесе бірнеше Тұтынушылардың немесе соңғы пайдаланушылардың қызметті қолдануына шамадан тыс кедергі жасайтын немесе қызмет ұсыну үшін John Deere - ISG немесе қандай да бір негізгі сымсыз байланыс провайдерлеріне кедергі келтіретін жолмен қызметтерді пайдалану; (V) Қызметтерді цензураға сай емес, лас, масқаралайтын, ұятсыз немесе заңсыз ақпаратты немесе Тұтынушы меншігіне жатпайтын авторлық құқықпен қорғалған мазмұнды жіберу үшін пайдалану; (VI) Қызметтерді ұрланған немесе жоғалған құрылғыда рұқсатсыз пайдалану; (VII) Қызметтерге немесе негізгі сымсыз байланыс провайдерінің қызметіне рұқсатсыз кіру; (VIII) Қызметтерді IP қызметтері арқылы дауыс беру үшін пайдалану немесе қызметтерден басқа телематикалық қызметтер ұсыну үшін қызметтерге байланысу немесе қосылу; (IX) Қызметтерге толықтай немесе бөлшектеп төлеуден бас тарту мақсатында кез келген сұлбаны, қате ақпаратты немесе кредиттік құрылғыны пайдалану; (XII) Жүйенің аппараттық құралын, терминалды, аппараттық құралдың параметрлерін немесе бағдарламалық құралды рұқсатсыз өзгерту; (XIII) Жүйенің аппараттық құралын дилерден немесе John Deere - ISG бөлімшесінің сертификатталған жүйенің аппараттық құралын орнатушы маманнан басқа адамға немесе мекемеге орнаттыру; (XIV) Жүйе деректерінің файлдарына, бағдарламаларына, процедураларына немесе Тұтынушыға немесе басқа John Deere - ISG Тұтынушысына қатысты ақпаратқа рұқсатсыз кіру, оларды пайдалану, өзгерту немесе жою; (XV) Жүйені қайта құру немесе клондау мақсатында пайдалану немесе қызметтерді пайдалану немесе кіру арқылы көшірмесін немесе ұқсас қызметті жасауға әрекеттену; (XVI) Заңға қарсы, заңсыз немесе алаяқтық мақсатта пайдалану; (XVII) Тұтынушыға және John Deere - ISG бөлімшесіне орынды бақылауға рұқсат беретін барлық қажетті рұқсаттарды сол адамнан алмай оның орнын бақылау; (XVIII) Спутниктік байланыс мүмкіндігімен қатар жүйелер, жалпы қолданысқа арналған телефон желісінен («PSTN») басталып, ағымдағы уақытта спутниктік провайдердің шлюзине, кейін спутниктік провайдер абонентіне бағытталатын John Deere - ISG спутниктік байланыс провайдерінің («Спутниктік провайдер») шлюзінің кіріс спутниктік ағыннан (оның ішінде спутниктік провайдердің атынан шлюз немесе қандай да бір тасымалдаушы, ISC немесе IXC арқылы шектеуге немесе бағыттауға тағайындалған нөмірлерге қоңырау шалуды қамтитын спутниктік провайдердің рұқсат етілген өнімінен немесе құрылғысынан басталатын дауыстық немесе деректер қоңырауы) басқа тағайындау орнын өзгертуге арналған бағалау айырмашылықтарымен қатар,

қандай да бір құралдар немесе (b) PSTN, PLMN, PTT, IXС немесе басқа телекоммуникациялар провайдері арқылы қоңырауларды бағыттау үшін спутниктік провайдер шлюздерін өткізуге арналған барлық құралдар немесе (c) спутниктік провайдер желіні дұрыс пайдаланбауын жеке сот шешімімен анықтайтын немесе болмаса, спутниктік провайдердің байланыс жүйесіне әсер ететін немесе қоңырау шалу қызметтерінің өнімділігінің нашарлауына немесе қоңыраудың/желінің толуына әкелетін басқа да әрекет немесе құрал. (XIX) тыйым салынған немесе қызмет рұқсат етілмеген елдерде орналасқан немесе олармен байланысатын адамдардың қызметтерді қолдануын қамтамасыз ету немесе рұқсат ету. Осындай теріс немесе алаяқтық жолмен пайдаланудың бір немесе бірнеше жағдайында John Deere - ISG қызметті дереу тоқтатуға және қызмет келісім-шартын бұзуға құқылы. Осы жағдайда Тұтынушыға осы бөлім бойынша қызметтерді шектеу немесе бас тарту нәтижесінде болған қызметтердің тоқтатылуына байланысты қандай да бір төлемдер немесе осы шектеу немесе бас тарту кезеңінде қызметтердің алдын ала төлемдері қайтарылмайды.

2.6 SMS хабарлама. Егер Тұтынушы қызметтердің бөлігі ретінде қысқаша хабарлама қызметінің («SMS») хабарламаларын мобильдік құрылғыға келуін және/немесе электрондық хабарларын таңдаса, Тұтынушы осылайша John Deere - ISG бөлімшесінің SMS хабарламаларды және/немесе электрондық хабарларды жібеуіне рұқсат етеді және www.jdlink.com веб-сайтында берілген қосымша талаптарға келіседі. SMS хабарламалардың мобильді құрылғыға келуін таңдау үшін Тұтынушы мобильді құрылғының рұқсат етілген пайдаланушысы екендігін растауы керек. SMS хабарламалар мобильді құрылғыларға www.jdlink.com сайтында анықталған сымсыз байланыс тасымалдаушылары қолданылған кезде келеді. Тұтынушы келісімшарттың жарамды мерзімінде SMS және/немесе электрондық хабарларды алуды қосу немесе ажырату таңдауы бар екендігін растайды. SMS хабарламасы жөніндегі мәселелер үшін Тұтынушылардың www.jdlink.com/SMSHelp веб-сайтына кіруіне, jdlinksupport@JohnDeere.com мекенжайына электрондық хабар жіберуге, 800-251-9928 нөміріне қоңырау шалуға немесе HELP сөзін 74765 нөміріне жіберуіне болады. SMS хабарламалар алуды ажырату үшін Тұтынушылар STOP сөзін 74765 нөміріне жіберуі керек. Тұтынушы алатын SMS хабарламалардың нөмірі құрылғының әрекетіне байланысты өзгереді. Тұтынушылардың SMS хабарламаларын алуы олардың хабарлама жіберуіне немесе өздеру жауапты сымсыз байланыс тасымалдаушыларының төлемдеріне әкелуі мүмкін.

3. Аппараттық құрал және бағдарламалық құрал

a) Аппараттық құрал: Тұтынушы құрылғыларындағы деректерді қалпына келтіру және тасымалдау үшін Тұтынушыда кемінде бір қосылған, John Deere - ISG үйлесімді телематикалық терминалы («Терминал») болуы керек. Осы келісім-шартта кабельдер, кабель байланыстары мен антенна секілді керек-жарақтармен бірге терминалдар «Жүйенің аппараттық құралы» ретінде қарастырылады. Егер жүйенің аппараттық құралы Тұтынушы сатып алған құрылғыға алдын ала орнатылмаса, ол сатылып алынып, уәкілетті дилер жеке орнатуы керек. Тұтынушының жүйе аппараттық құралын қолдануы осы келісім-шарттағы барлық талаптар мен шарттарға, сондай-ақ, жүйенің аппараттық құралын сатып алу кезінде Тұтынушымен келісілген басқа талаптар мен шарттарға бағынады. b) Бағдарламалық құрал: қызметтердің, модемнің бағдарламалық құралы және басқа да бағдарламалық және/немесе бекітілген бағдарлама жүйенің аппараттық құралында тұрақты болып табылады («Жүйенің бағдарламалық құралы»). Жүйенің бағдарламалық құралында John Deere - ISG немесе осы бөлімнің талаптарына сай лицензияланған үшінші тараптардың жеке коды бар және жүйенің аппараттық құралымен бірге берілетін құжаттамада (мысалы, ықшам диск) көрсетілгендей жеке лицензияланған үшінші тараптың кодын қамтуы мүмкін. John Deere - ISG Тұтынушыға жүйені қолданумен (i) және жүйенің аппараттық құралымен (ii) қатар, жүйенің бағдарламалық құралын пайдалану үшін шектелмейтін, бас тартылатын лицензияны береді. Сонымен қатар, John Deere - ISG Тұтынушыға жүйенің аппараттық құралын иеленуді басқа тұлғаға берумен қатар, жүйе аппараттық құралының жарамдылық мерзімінде қызметтерді қамтымайтын жүйенің бағдарламалық құралын пайдалану үшін лицензияны басқа тұлғаға беруге рұқсат береді. Тұтынушы John Deere - ISG жүйенің бағдарламалық құралын жаңарту қажет деп тапқанда осы келісім-шарт мерзімінде Тұтынушының кез келген жүйе аппараттық құралында бағдарламалық құралды жаңарта алатындығына келіседі. Тұтынушы John Deere - ISG жүйенің бағдарламалық құралын жаңарту қажет деп тапқанда осы келісім-шарт мерзімінде Тұтынушының кез келген жүйе аппараттық құралында бағдарламалық құралды жаңарта алатындығына келіседі. Тұтынушы қандай да бір жаңартуды орнату алдында деректерді сақтайды және қорғайды. John Deere - ISG қызметті жаңартуға байланысты деректердің жоғалуына жауапты емес.

4. Жаңартулар және жаңа қызметтер

John Deere - ISG Тұтынушыға жаңа қызметтерді сатып алуды немесе бұрыннан бар қызметтердің жаңартуларын ұсынуы мүмкін. Жаңартулар жаңа функцияларды немесе жақсартылған қызмет сипаттарын ұсынады. Осы келісім тұтынушы сатып алатын алдағы жаңартуларға қолданылуы тиіс. Жаңа қызметтер немесе қызметтің жаңартулары сатып алу мен қолданудың өзгеше шарттарын және/немесе талабын беруі мүмкін. Жаңа шарттар мен талаптар осы келісім-шартқа қосымша ретінде қосылып, John Deere телематикалық қызметтер жазылымы жөніндегі келісім-шарт секілді бірдей жабдыққа бағынады. Жаңа мүмкіндіктер немесе қызметтер бөлек келісімге бағынуы мүмкін.

5. Деректерді жинау

John Deere - ISG тұтынушының жеке және құпия деректерін құрметтеу және қорғау міндетін өзіне алады. Бұл келісім бойынша жиналған барлық тұлғаның деректері осы келісім-шартта берілген қызметтерді орындау мақсатында ғана жиналады.

5.1 Қызметті ұсыну үшін деректерді жинау. John Deere ISG осы келісім-шартқа сай John Deere - ISG машиналары мен жабдықтарын, оның ішінде жүйенің аппараттық құралын және кез келген аппараттық құралды немесе John Deere - ISG машиналары мен жабдықтарын байланыстыратын құрылғыны пайдаланып жасалған, олар жинаған немесе оларда сақталған деректермен қатар, Тұтынушы телематикалық қызметтердің веб-бөлігіне осы жерде «Машина деректері» ретінде берілген басқа да деректерді жинауы мүмкін (мысалы, Суыту сұйықтығының температурасы, айналу жылдамдығы, тұтыну, жұмыс уақыты, техникалық күтім жасау мен жөндеу журналы және т.б.). Кейбір машина деректері веб-функционал арқылы қолжетімді. Машина деректері (оның ішінде John Deere - ISG және Тұтынушы арасындағы телематикалық қызметтер жөніндегі жеке келісім-шарттарға сай жиналған машина деректері) мен Тұтынушы телематикалық қызметтердің веб-бөлігіне қосқан басқа да деректер (мысалы, температура, ылғалдылық секілді қоршаған орта туралы деректер және т.б.) «Жүйе деректері» ретінде бірге қарастырылады. Қызметті ұсыну үшін John Deere - ISG жүйе деректерін осы келісім-шарттың талаптарына сай орналастырады, басқарады және пайдаланады. Сонымен қатар, John Deere - ISG қызметтерді өндіріс деректеріне дейін кеңейтуі мүмкін. Өндіріс деректері - тұтынушы немесе үшінші тарап

ұсынған қосымша ақпарат (мысалы, жабдықтың өндіріс деректері). Тұтынушы сұраған қызметтерді ұсыну үшін John Deere - ISG сыртқы жүйедегі деректерді өңдейді және сақтайды немесе ақпарат жинайды.

5.2 Геоорын деректері. Қызмет немесе жаңарту мүмкіндігі ретінде ұсынылса, қызметпен қамтамасыз ету үшін John Deere - ISG орын туралы деректерді RTCM пішімінде, сондай-ақ, маршрут нүктелерін, бақылау журналдарын және/немесе шекараларды GSM технологиясын пайдалана отырып жинайды. Егер тұлға жазбаша келісімін берсе, тұтынушы геоорын жүйелерін тұлғаның орнын бақылауға ғана қолдана алатындығын растайды. Тұтынушы деректер құпиялығы туралы заңдар мен келісім-шарт ережелерінің талаптарын орындау үшін өзінің жұмыс берушілерінен барлық қажетті рұқсаттарды сұрағанын және сақтағанын растайды. Тұтынушы John Deere - ISG геоорын деректерінің жиналуына қатысты барлық жауапкершіліктен босатылатындығына келіседі.

5.3 Деректерге кіру және оларды пайдалану. Тұтынушы веб-функциялар арқылы дилердің бір уақытта кіруіне рұқсат бере алады немесе шектей алады. Тұтынушы John Deere - ISG бөлімшесінен жүйе деректеріне белгілі бір дилерлердің кіру және пайдалану рұқсатын жоюды веб-функциялар арқылы сұрай алады. John Deere - ISG осындай жою жұмысын Тұтынушының жарамды сұрауы бойынша отыз (30) күн ішінде орындайды. John Deere - ISG дилердің кіру рұқсатын жойғанға дейін тыйым салынған дилер жүйе жинаған жүйенің деректеріне кіре алады. Жүйе деректеріне дилердің кіру және оларды пайдалану рұқсатын жою қашықтан машинаны тексеру, оған қызмет көрсету мен Тұтынушыға дилер ұсынатын басқа да қызметтерді ұсынудың алдын алады. Тұтынушылар дилерлерге («Рұқсат етілген дилерлер») Тұтынушының Жүйе деректеріне кіруге және оларды пайдалануға рұқсат беруі мүмкін. John Deere - ISG Тұтынушы жабдығына қызмет көрсету, оның ішінде машинаны тексеру, қашықтан қызмет көрсету (мысалы, жаңарту, жөндеу, көмек көрсету (бірақ осымен шектелмейді) және машина бөлшегінің бағдарламалық құралын жаңарту мақсатында рұқсат етілген дилерлер туралы ақпарат пен деректерді ұсынуы мүмкін. Тұтынушы телематикалық веб-интерфейсте немесе веб-функциялар арқылы бірнеше іске қосылған терминалмен байланысса, ол әр терминал үшін деректерге кірудің әр түрлі рұқсаттарын орната алмайды. Тұтынушы барлық байланысқан іске қосылған терминалдар үшін деректергі кірудің бірдей рұқсаттарын жасауы керек.

5.4 Деректерді сақтау және сақтау саясаты. Тұтынушы деректері АҚШ-та құрылған John Deere - ISG серверлерінде сақталады. Тұтынушы жүйе деректеріне John Deere - ISG бөлімшесінің кіру және оларды пайдалану рұқсатын жоюды сұрағанға дейін John Deere - ISG жүйе деректерін жазылым мерзімінде сақтайды, берілген деректерді сақтау мемлекеттік, облыстық, аудандық және жергілікті заңдар мен нормаларға, оның ішінде жүйе деректері сақталатын ЕО аумағындағы емес юрисдикция заңдарына (бұнымен шектелмейді) сай. John Deere - ISG жүйе деректерін шексіз сақтауға және жоғарыда көрсетілген сақтау мерзімін аяқталған кезде оларды жоюға құқылы, бірақ міндетті емес, берілген деректерді сақтау мемлекеттік, облыстық, аудандық және жергілікті заңдар мен нормаларға, оның ішінде жүйе деректері сақталатын ЕО аумағындағы емес юрисдикция заңдарына (бұнымен шектелмейді) сай. Тұтынушы сервер(лер)ден жойылған жүйе деректерінің хабары мен орны қалпына келмейтінін немесе қайта жасалмайтынын растайды және келіседі. Сонымен қатар, негізгі сымсыз байланыс провайдерлері қоңырау шалу деректерінің жазбаларын («CDR») есеп ұсыну және есеп-фактура мақсаттарында жасауы мүмкін және негізгі сымсыз байланыс провайдерлері қолданылатын заңға байланысты CDR жазбаларын тоқсан (90) күннен астам уақыт бойы сақтауы мүмкін. Әр терминалдың соңғы орны терминалда сақталады. Егер Тұтынушы жүйенің аппараттық құралын басқаруды басқа тарапқа берсе, Тұтынушы бергеннен кейін жиналатын жүйенің аппараттық құралымен байланысқан жүйе деректеріне бұдан былай кіре алмайды.

5.5 Деректерді John Deere - ISG пайдалануы. John Deere - ISG келісім-шарт бойынша келісілген қызметті ұсыну үшін (мысалы, JDLINK) анонимді емес тұтынушы деректерінің жиынына кіруге құқылы. Тұтынушы John Deere - ISG статистика жүргізу, John Deere өнімдерін жақсарту немесе дамыту, жабдықтың жаңа түрлерін анықтау және/немесе жаңа қызметтерді дамыту мақсатында жүйе деректеріне анонимді және жинақталған пішінде кіріп, оларды пайдалана алатындығына келіседі. John Deere - ISG жариялау қажет деп шешіп, жақсы сенім болған кезде тұтынушы деректерін сыртқы тараптарға келесі мақсатта жариялауы мүмкін: (a) қолданылатын заңға, ережеге немесе заңды сұрауға бағыну; (b) адамды өлімнен немесе ауыр дене жарақатынан қорғау; (c) бізді немесе пайдаланушыларды алдаудың немесе асыра пайдаланудың алдын алу; (d) меншіктік құқығымызды қорғау немесе (e) тұтынушы деректерінен туындайтын заңды істерден Deere және оның бөлімшелері мен қызметкерлерін қорғау

5.6 Төлем және есеп-фактура. Қызметтер алдын ала төленетін бекітілген бағадағы жүйемен ұсынылады. Бекітілген баға мөлшері John Deere - ISG өкілдері таратқан өнім туралы ақпаратта беріледі. Бекітілген баға тұтынушы таңдаған және тұтынушыға John Deere - ISG хабарлаған төлем әдісімен төленеді. Тұтынушы бекітілген бағаны толықтай немесе жартылай төлемесе, John Deere - ISG заң талаптарына сай пайыздық үстеме және шығындарды өтеуді талап ете алады. John Deere - ISG тұтынушыдан төлемді қайтару негізінде John Deere - ISG тарапына келген барлық төлемдермен шығындарды, оның ішінде қорғаушыға, сот ісіне жұмсалған төлемдер мен шығындарды да талап ете алады. Төлем жетпеген немесе төлемдерде кідріс болған жағдайда John Deere - ISG қызметтің ұсынылуын тоқтата алады.

6. Келісім-шарт мерзімі және оның аяқталуы

6.1 Мерзім. Осы келісім-шарттың мерзімі («Мерзім») қол қойған күннен басталады. Осы келісім-шарттың бастапқы мерзімі («Бастапқы мерзімі») төмендегі жағдайдан бөлек екі жыл бойы күшінде болады. Жүйенің аппараттық құралы бастапқы мерзімде іске қосылмаса (1.3-бөлімде берілгендей), осы келісім-шарт мерзімі бастапқы мерзімнің соңында аяқталады. Жүйенің аппараттық құралы бастапқы мерзімде іске қосылса, осы келісім-шарт іске қосу күнімен басталатын жазылым мерзімімен жалғасады. «Жазылым мерзімі» - осы келісім-шартты рәсімдемес бұрын John Deere - ISG және Тұтынушы арасында келісілген жазылым мерзімі және (i) барлық жағдайларда келісілген жазылымның мерзімінен немесе (ii) осы келісім-шарттың аяқталу мерзімінен бұрын аяқталады.

6.2 Мерзімнің аяқталуы. Осы келісім-шартты орындамау немесе бұзу мерзімнің аяқталуына себеп болады және қарсы тарап осы келісімді және/немесе John Deere - ISG қызметінің жазылымын тоқтатуға құқылы. Тұтынушы осы келісім-шарттағы талаптарды орындамаса, мерзімнің аяқталу себебі шығады. Барлық талаптар заң ережесіне негізделеді.

6.3 Келісім-шарттың John Deere - ISG тарапынан бұзылуы. John Deere - ISG Тұтынушы ескерткеннен отыз (30) күннен кейін бұза алады. Осы келісімді бұзу заңдарды, талаптарды немесе бекітілген құжаттарды немесе келісімді сақтамауға байланысты болмаса, John Deere - ISG Тұтынушы төлеген қызмет құнының тиісті бөлігін қайтарады. Заң бойынша рұқсат етілген жағдайда осындай қайтару John Deere - ISG өз тарапынан келісім-шарттың бұзылуына байланысты Тұтынушыға жекелей жауапты.

6.4 Келісім-шарттың Тұтынушы тарапынан бұзылуы. Тұтынушы John Deere - ISG бөлімшесіне ескерткеннен отыз (30) күннен кейін бұза алады. Осы тармақ бойынша бұл келісім-шарт бұзылғаннан кейін Тұтынушы қызметтерге немесе жүйенің аппараттық құралына төлеген төлемдерін қайтара алмайды және бұдан былай жүйе деректеріне веб-функциялар арқылы кіре алмайды.

7. Құпиялық

7.1 Келісім-шарт пен ақпараттың құпиялығы. Осы келісім-шарттың талаптары мен шарттары, оның ішінде бағасы John Deere - ISG бөлімшесінің құпия деректері болып табылады. John Deere - ISG құпия деректер ретінде белгілеп ұсынған барлық бизнес, эксплуатациялық немесе техникалық ақпарат John Deere - ISG құпия ақпараты ретінде қарастырылуы керек («Ақпарат»). Келісім-шарт мерзімінде және үш (3) жыл өткеннен кейін Тұтынушы: (a) John Deere - ISG тарапынан алған барлық ақпаратты құпия ретінде санауы керек, (b) осы ақпаратты келісім-шарттың орындалатын ауқымында ғана қолдана алады, (c) осы ақпаратты қажет мақсатта ғана көшіре алады, (d) өз қызметтерін атқару үшін білімді қажет ететін қызметкерлер мен кеңесшілерге осы ақпараттың жариялануын шектеуі қажет және (e) John Deere - ISG жазбаша рұқсатынсыз үшінші тарапқа осы ақпаратты жарияламауы қажет.

Тұтынушының ақпаратты қолдануын және пайдалану шектеуі оның келесілерді дәлелдей алатын ақпаратқа қолданылмауы тиіс: (i) Тұтынушы John Deere - ISG ақпаратын пайдаланбай толықтай және жекелей алған, (ii) Тұтынушы тарапынан осы келісім-шартты бұзбайтын жалпыға қолжетімді ақпарат болып табылады немесе болған, (iii) жариялау кезінде Тұтынушыға шектелмеген ақпарат ретінде белгілі болған, (iv) John Deere - ISG жазбаша рұқсаты бойынша жариялауға рұқсат етілген немесе (v) сот немесе Тұтынушының тұрғылықты жеріндегі мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша заңды күші бар жарлықтың нәтижесінде жарияланған, бірақ осы жарлық деңгейінде және Тұтынушы жарлық туралы, алдымен, John Deere - ISG бөлімшесіне хабарлап, сондай хабарландыруға заң бойынша тыйым салынбайынша, John Deere - ISG бөлімшесіне тиісті жарлықты алуға мүмкіндік беретін мақсатта. Осы келісім-шарт мерзімі аяқталғанда немесе мерзімінен бұрын тоқтатылғанда Тұтынушы барлық құпия немесе жасырын ақпаратты John Deere - ISG бөлімшесіне дереу қайтарылуы немесе бірден жойылуы (және жойылғандығы туралы дәлел беруі) керек. Келісуші тараптар құпия немесе жасырын ақпаратты қорғау үшін жеке құпиялық туралы келісім жасаған жағдайда осы келісімнің шарттары сол баптан басым болуы тиіс.

8. Жауапкершілікті шектеу

John Deere - ISG әдейі жасалған немесе немқұрайлықтан болған зақымдар үшін шексіз жауапты. Немқұрайлықтың төменгі деңгейінде John Deere - ISG өмірге немесе денсаулыққа келген залалы үшін шексіз жауапты. Осындай келісім-шарт түріне және/немесе қызметтердің сипатына тән алдын ала болжап білуге болатын зияндар үшін мүлдік немесе қаржылық залалдар бойынша жауапкершіліктің шектелуі әр тұтынушы үшін EUR 12,500 мөлшерімен шектеледі. Бір әрекеттен немесе оқиғадан болған зақымдар бірнеше тұтынушыларға әсер етсе, жауапкершілік ең жоғарғы EUR 500,000 мөлшерімен шектеледі және әр тұтынушыға жоғарыда көрсетілгендей шектеу қолданылады. Осыған ұқсас оқиға үшін өтемақы EUR 500,000 мөлшеріндегі ең жоғарғы төленетін сомадан асса, сома зардап шеккен тараптар арасында пропорционалды түрде бөлінеді және тұтынушының жоғарыда көрсетілген ең жоғарғы сомасы сақталады. Сонымен қатар, тараптар маңызды міндет осы келісім-шартты орындау үшін маңызды деп қарастыратын міндет болып табылады. Басты міндетті орындамау келісім-шартты бұзу деп қарастырылады, яғни келісім мақсаттарының орындалуына қауіп төндіреді және тұтынушы ұқсас қызмет үшін қалыпты жағдайларды күтуі мүмкін. Басқа зақымдар үшін John Deere - ISG жауапкершілігі осымен шектеледі. Германияның өнім сапасы жөніндегі актісі мен негізгі заңдар бойынша берілген жауапкершілік өз күшінде қалады.

9. Басқа ережелер

9.1 Келісім-шартты қайта тағайындау - Еншілес және біріккен компаниялар. John Deere - ISG осы келісімді еншілес компанияға барлық құқықтары және міндеттері немесе талаптарымен қайта тағайындай алады. Осы келісімнің ережелеріне сай John Deere - ISG бөлімшесіне берілген құқықтар мен басымдықтар еншілес және біріккен компанияларға да берілуі керек. Еншілес және/немесе біріккен компаниялар - John Deere - ISG бөлімшесін тікелей немесе жанама түрде басқаратын компаниялар немесе заңды мекемелер, John Deere - ISG бөлімшесімен бірге елу пайыздан (50%) астам үлеспен тікелей немесе жанама түрде басқарылады.

9.2 Тіл, қолданылатын заң және юрисдикция. Келісім-шарт тілі - ағылшын. Негізгі мағынасын жоғалтқан аударма ақпараттық мақсатта кейде берілуі мүмкін. Сенімді болмаған жағдайда ағылшын нұсқасы басым болады. Осы келісім-шарт Германияның заңына бағынады және тиісінше талқылануы керек. Осы келісім-шарт аясындағы барлық келіспеушіліктер Мангеймдегі сот алдында және осындай келіспеушіліктердің реттеуіне байланысты тыңдалады және Тұтынушы соттың шешіміне бағынуы керек.

9.3 Ережелердің тәуелсіздігі тармағы; бас тарту тармағы. Осы келісім-шарт ережесі күшін жойған жағдайда бұл басқа ережелерге әсер етпеуі керек; келісуші тараптар қатысты ережені мақсаты мен экономикалық әсері мүмкіндігінше жақын келетін заңды күші бар ережемен ауыстыруы керек. Келісуші тараптың бірі осы келісім-шарттың ережесін бұзу үшін одан бас тарту тиісті заң бұзушылықтан бас тарту ретінде қарастырылмауы керек.

9.4 Хабарландырулар. Барлық хабарландырулар жазбаша және оларды тіркелген пошта арқылы жіберген кезде есептелуі тиіс: John Deere GmbH & Co. KG, Intelligent solutions Group, Straßburger Allee 3, Kaiserslautern.

9.5 Төтенше жағдай. келісуші тараптардың ешқайсысы басты міндетті орындамағаны немесе оны кешіктіру орындағаны үшін келесі жағдайда бір-біріне жауапты емес: орындамау немесе кешіктіру *төтенше жағдай*, табиғи апат, көтерілістер, террористік акт, азаматтық көтеріліс, заңдар мен ресми жарлықтарды сақтау немесе осы келісуші тараптың әсер ету аумағынан тыс басқа оқиғалар ретінде түсіндіріліп, осы тарап жағдай туралы дереу жазбаша хабарлап, жұмысты мүмкіндігінше тез қалпына келтіре алатын жағдайда және осы жағдай тоқсан (90) күннен артық уақытқа созылып, кешіктірген тарап көрсетілген мерзім ішінде міндеттердің орындалуын жалғастыра алатындығын көрсетпесе, екінші тарап осы келісім-шарттың мерзімін ұзарта алатын жағдайда.

9.6 Импорттау және экспорттау шектеулері. Тұтынушы John Deere - ISG тарапынан алған барлық қызметтер, жүйенің аппараттық құралы, бағдарламалық құралы, жеке деректер, әдістеме немесе басқа деректер мен ақпарат (осы құжатта «Өнімдер») бір немесе бірнеше елдердің импорттауды және/немесе экспорттауды бақылау заңдарына бағынатындығын және импорттау, экспорттау мен қайта экспорттау шектелуі немес оған тыйым салынуы мүмкін екендігін растайды. Сондықтан, Тұтынушы John Deere - ISG және мемлекеттік мекеменің жазбаша келісімін алмайынша немесе қолданылатын ереже өзгертілмейінше, заң немесе ереже бойынша тыйым салынған немесе шектелген орынға, мекемеге немесе адамға өнімдерді тікелей немесе жанама түрде импорттамауға, экспорттамауға, қайта экспорттамауға немесе оған себепкер болмауға келіседі. Тұтынушы John Deere - ISG компаниясынан алған ешбір Өнімдер реактивті технологияда, ядролық немесе химиялық-биологиялық қаруларда тікелей қолданылмайтындығына немесе осындай түпкі мақсатта пайдалану үшін ешқандай жолмен ешқандай тарапқа берілмейтініне келіседі. **Тұтынушы өнімдерді www.jdlink.com сайтындағы қолжетімді елдер тізімінде берілген елде ғана пайдаланады.**

9.7 Бөлінбейтін келісім-шарт. Осы келісім-шарт деректердің қорғалуы мен қауіпсіздігі жөніндегі ержелерді, сондай-ақ, тапсырыс берілген қызметтерді пайдалануға қатысты шарттарды, барлық реттеулерді, келісуші тараптар арасындағы келісімдер мен кепілдіктерді қамтиды. Осы келісім-шарт барлық алдыңғы құжаттар, шешімдер мен келісім-шарт нысанына қатысты реттеулерді ауыстырады. Тұтынушы ұсынған немесе тапсырыста қамтылған барлық қосымша немесе келіспеуші талаптар мен шарттардан бас тартылады, тек John Deere - ISG жазбаша рұқсатымен күшке енеді.

Тұтынушы (аты, мекенжайы) _____

сериялық нөмірі және _____ тапсырыс нөмірі бар құрылғысы үшін

жоғарыдағы өнім келісімшартында сипатталған қызметке тапсырыс берді.

Тұтынушы елге қатысты шарттары мен талаптарын оқыған және осымен оларды қолтаңбасымен қабылдайды.

Тұтынушы сәйкес қызметке тапсырыс оны ақы төлеуге міндеттейтінін біледі және оны қабылдайды.

Тұтынушының қолтаңбасы

Күні



JOHN DEERE

John Deere - ISG Telematic Subscription (JDLink)

This contract governs the use of the John Deere - ISG Telematic Systems that is to be concluded between Customer and John Deere – ISG.

John Deere - ISG has developed and sells various telematics systems. They consist of telematics hardware, software and services (the "Systems") and are sold via John Deere - ISG dealers or other commissioned parties ("Dealers"). This Contract contains the terms and conditions for the use of the John Deere - ISG Telematics System by the Customer, including access to the John Deere - ISG Telematics web service and its use.

To provide the services under this Agreement, Customer must activate one (and only one) compatible telematic gateway ("Terminal"). This Contract sets forth the terms governing Customer's activation and use of the Systems on a single Terminal, including access to and usage of the Web Functions (defined in Section 1.1) during the Subscription Period (defined in Section 5.1). If the Customer wishes to activate more than one Terminal, the Customer must execute a separate Contract for each Terminal.

1. Contracting Parties

This Contract is concluded between John Deere GmbH & Co. KG, represented by Intelligence Solution Group (ISG), Strassburger Allee 3, Kaiserslautern (John Deere - ISG) and the Customer. John Deere GmbH & Co. KG is entitled to transfer the contractual relationship to companies affiliated with Deere & Company without requiring the consent of the Customer. The Customer will be informed of this.

2. Object of the contract

